

**2015 жылға Еңбекшілдер ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № а-8/357 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4530 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Т І :**

1. 2015 жылға Еңбекшілдер ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтіндер (бір жылдан артық).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Т.Ахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Садуақасұлы*